*Қоғамдық тыңдауларды*
*өткізу қағидаларына*
*4-қосымша*

**«KAZ Chemicals (КАЗ Кемикалс)» ЖШС**
**Ақтөбе облысында «Богдановское» фосфоритті кен орындар тобының аумағында**
**№638-EL Лицензиясы бойынша қатты пайдалы қазбаларды іздеу жоспарына**
**дайындалған Экологиялық жобалар (Қоршаған оратаны қорғау бөлімі, ШРШ жобасы,**
**Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы,**
**табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары) жобасы бойынша**
**Ашық жиналыстар арқылы өткізілетін қоғамдық тыңдау нәтижесінің**

# ХАТТАМАСЫ

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы: **«Ақтөбе обласының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі.**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: **«KAZ Chemicals (КАЗ Кемикалс)» ЖШС Ақтөбе облысында «Богдановское» фосфоритті кен орындар тобының аумағында №638-EL Лицензиясы бойынша қатты пайдалы қазбаларды іздеу жоспарына дайындалған Экологиялық жобалар (Қоршаған оратаны қорғау бөлімі, ШРШ жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары) жобасы бойынша Ашық жиналыстар арқылы өткізілетін қоғамдық тыңдау.**
(қаралатын жобалау материалдарының толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы: **Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпаратты-талдау орталығы» ШЖҚ РМК.**

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: **Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Тамды ауылдық округы** (ауыл шетінен 16 км шығысқа қарай).

Өндіруге арналған жердің бұрыштық нүктелерінің координаттары

| **Номера угловых точек** | **Географические координаты** | |
|---|---|---|
| | **Северная широта** | **Восточная долгота** |
| 1 | 49°50'0.00"С | 57°24'60.00"В |
| 2 | 49°50'0.00"С | 57°36'0.00"В |
| 3 | 49°46'60.00"С | 57°36'0.00"В |
| 4 | 49°46'60.00"С | 57°35'0.00"В |
| 5 | 49°45'60.00"С | 57°35'0.00"В |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | 49°45'60.00"С | 57°34'0.00"В |
| 7 | 49°38'60.00"С | 57°34'0.00"В |
| 8 | 49°38'60.00"С | 57°36'0.00"В |
| 9 | 49°37'60.00"С | 57°36'0.00"В |
| 10 | 49°37'60.00"С | 57°37'0.00"В |
| 11 | 49°31'0.00"С | 57°37'0.00"В |
| 12 | 49°31'0.00"С | 57°35'0.00"В |
| 13 | 49°33'0.00"С | 57°35'0.00"В |
| 14 | 49°33'0.00"С | 57°29'60.00"В |
| 15 | 49°34'0.00"С | 57°29'60.00"В |
| 16 | 49°34'0.00"С | 57°27'0.00"В |
| 17 | 49°35'0.00"С | 57°27'0.00"В |
| 18 | 49°35'0.00"С | 57°23'60.00"В |
| 19 | 49°37'60.00"С | 57°23'60.00"В |
| 20 | 49°37'60.00"С | 57°22'60.00"В |
| 21 | 49°43'0.00"С | 57°22'60.00"В |
| 22 | 49°43'0.00"С | 57°23'60.00"В |
| 23 | 49°46'60.00"С | 57°23'60.00"В |
| 24 | 49°46'60.00"С | 57°25'60.00"В |
| 25 | 49°49'0.00"С | 57°25'60.00"В |
| 26 | 49°49'0.00"С | 57°24'60.00"В |

(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: **Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Тамды ауылдық округы.**

(белгіленге көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері: **«Kaz Chemicals (Каз Кемикалс)» ЖШС, БИН 181140036051, КБЕ 17, ИИК KZ7096503F0008435306 в АО «Forte Bank», мекен-жайы: ҚР, Алматы қаласы, Ж. Омарова көшесі, №8-ші үй, «Керуен» Бизнес орталығы, басқарма төрағасы Темірбаев Ж.Е.**

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: «**Projects World ECO Group» ЖШС, БИН 160340009675, 030000 РК, Актюбинская область, г. Актобе, ж-м «Каргалы», дом 18/99. Тел: 8 702 392 37 07 эл.адрес: baur88_8888@mail.ru.**

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): **2022 жылы 21-ші Желтоқсан күні 11сағ:00мин. Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Тамды селолық округі, Ә. Молдағулова көшесі, 29-шы үй «Ақтөбе облысы Алға ауданы Тамды ауылдық округі әкімнің аппараты» мемлекеттік мекемесі ғимараты (Әкімшілік ғимараты).**

(қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталатын уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

9. Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің

жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі: **Қосымша №1**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі: **Қосымша №2**

11. Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіндігі туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда: **https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/ShowDetails/2962**

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: **https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/about?lang=ru**

(ресми интернет–ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бараумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

- **Қосымша №3** («Ақтөбе» облыстық қоғамдық-саяси газеті, 2022 жылғы 15 Қарашада жарыққа шыққан саны)

**- Қосымша №4** («Радио Тандем» облыстық радиосы, 2022 жылғы 11 Қарашада жарыққа шыққан эфирлік анықтамасы)

4) Хабарландыру тақта: **Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Тамды селолық округі, Ә. Молдағулова көшесі, 29-шы үй «Ақтөбе облысы Алға ауданы Тамды ауылдық округі әкімнің аппараты» мемлекеттік мекемесі ғимараты Әкімшілік ғимаратында хабарландыру ілінген.** Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі **(Қосымша №5)**

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

**Қоғамдық тыңдаудың хатшысы ретінде «Projects World ECO Group» ЖШС жобаны әзірлеуші экологы Абилаев Бауыржан кандидатурасы ұсынылды:**
**«қолдаймын» - 17, «қарсымын» – 0, «қалыс қаламын» - 0**

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың "қолдаймын", "қарсымын", "қалыс қаламын" деп дауыс бергендер санын көрсету)

**Дауысқа салу нәтижесінде Қоғамдық тыңдау Регламенті бірауыздан бекітілді. қолдаймын» - 17, «қарсымын» – 0, «қалыс қаламын» - 0.**

**Қоғамдық тыңдауларды өтті деп тану: «қолдаймын» - 17, «қарсымын» – 0, «қалыс қаламын» - 0.**

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың "қолдаймын", "қарсымын", "қалыс қаламын" деп дауыс бергендер санын көрсету) (осы Қағидалардың 23-тармағына сәйкес себептерді көрсете отырып, қоғамдық Тыңдаулар өткізілмеді деп тану туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың "қолдаймын", "қарсымын", "қалыс қаламын" деп дауыс бергендер санын көрсету)

13 Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер: «**Projects World ECO Group» ЖШС жобаны әзірлеуші экологы Абилаев Бауыржан Жолдасбаевич**

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

**Баяндамасы: Хаттамаға Қосымша №5 (1 дана)**

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)

14. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын және қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен барлық ескертулер мен ұсыныстарды қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

| № | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | **Сұрақ:** Бұл жұмыстарды жүргіземіз деп отырған жерлеріңіз қай маңайларға келеді? Мал жаятын жерлерге әсері жоқ па?<br>(Махамбетов Марат – Тамды ауылдық округы әкіматының қоғамдық мүшесі) | **Жауап:** Аталып отырған жұмыстар Тамды ауылынан шығысқа қарай 16 км жерден басталады. Жоба бойынша жұмыс жүргізілетін жерлерде жұмыс үрдісінің сипаты «точечный» болудың салдарынан, яғни ұңғымалардың диаметрі 165 мм, міне осы себепті мал жайылым немесе егінді жерлерге әсері өте төмен.<br>(Кабылов М.У. «KAZ Chemicals (КАЗ Кемикалс)» ЖШС өкілі, жетекші геолог) | **Ескертпе алынды** |
| 2 | **Сұрақ:** Айтып отырған ұңғымалар мен шұңқырларды қазып болған соң қайта көмесіздер ма? Содан кейін техникалық суды қайдан аласыздар? Суды Елек өзенінен аласыздар ма?<br>(Махамбетов Марат – Тамды ауылдық округы әкіматының қоғамдық мүшесі) | **Жауап:** Аталмыш жұмыстар жүргізілгеннен кейін техникалық рекультивация міндетті түрде қарастырылған, яғни жұмыстар аяқталысымен қазылған жерлер қайта көміліп алғашқы қалпына қайта келтіріледі. Ұңғымалардың тереңдігі мардымсыз және бұрғылау түрі құрғақ бұрғылау болғандықтан, арнайы учаскелер және айналым жүйелерін алдын ала дайындау қарастырылмаған.<br>(Абилаев Бауыржан «Projects World ECO Group» ЖШС жобаны әзірлеуші экологы Абилаев Бауыржан Жолдасбаевич) | **Ескертпе алынды** |
| 3 | **Сұрақ:** Сонда бұрғылау технологиялық процесіне техникалық су керек емес па?<br>(Махамбетов Марат – Тамды ауылдық округы әкіматының қоғамдық мүшесі) | **Жауап:** иә, бұрғылау тереңдігі мардымсыз болғандықтан және бұрғылау сипатына байланысты аталған жұмыс техникалық суды қажет етпейді. Су тек жұмысшылардың тұрмыстық қажеттілігі мен ішуге қажет болады, ал ол суларды жұмысшылар өздерімен бірге ала жүреді.<br>(«Projects World ECO Group» ЖШС жобаны әзірлеуші экологы Абилаев Бауыржан Жолдасбаевич). | **Ескертпе алынды** |
| 4 | **Ұсыныс:** Жұмысшы ретінде бригадаларыңызға ауылдан жұмысшы алсаңыздар қайтеді? Міндетті түрде маман керек па сіздерге? Бізде жұмыссыз жүрген жастар жетерлік. Тракторист те, шоферлар да табылад ауылдан. Бульдозерге, скреперге, погрузчикке керек па бәрі табылады. Жұмысты жүргізетін барлаушылар Екі бригада 16 адамнан тұратын болса, ол 16 адамды мұнда алып келу сіздерге де қиын, одан да ауылдан алсаңыздар бір мезгіл автобуспен алдырып тұрсаңыздар сіздерге әлдеқайда жеңіл әрі ауыл тұрғындарына жұмыс болады. Әйтпесе ауылда жұмыссыз жүрген | **Жауап**: Жақсы, дұрыс айтасыз. Ұсынысыңызды міндетті түрде қарастырамыз<br>(Жумабаев Н.К. «KAZ Chemicals (КАЗ Кемикалс)» ЖШС өкілі) | **Ескертпе алынды** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жастар көп. Маман немесе мастерлерді өздеріңіздің адамды қойып шофер мен жұмысшыларды ауылдан алсаңыздар екекн деген ҰСЫНЫС сіздерге<br>(Махамбетов Марат – Тамды ауылдық округы әкіматының қоғамдық мүшесі) | | |
| 5 | **Сұрақ:** Қазбалар байлықтары табылған жағдайда не болады?<br>(Қалдыбаева Зәуреш – Тамды ауылдық округы тұрғыны) | **Жауап**: Кәзіргі қарастырылып отырған жоба барлау жобасы. Бұл жобада геологиялық барлау жұмыстары жүргізіліп сынақтамалар алынады. Сынақтамаларды алу 2023-2024 жылдары жүзеге асыру көзделіп отыр, одан әрі 2025-2026 жылдары зертханалық жұмыстар жүргізіліп нәтижесі айқындалады. Егер де пайдалы қазбалар табылған жағдайда, өндіру немесе өңдеу жұмыстары бойынша тиісті жобалар дайындалып ол бойынша тағы да алдарыңызға талқылау мақсатында келеміз.<br>(Кабылов М.У. «KAZ Chemicals (КАЗ Кемикалс)» ЖШС өкілі, жетекші геолог) | **Ескертпе алынды** |
| 6. | **Сұрақ:** Бұрында осы айналада керамзит шығаратын карьер болды, солар жұмыстарын жасап «отходтарын» тастап кетті, сол сияқты болып қалмай ма мына жұмыстарыңыз?<br>(Махамбетов Марат – Тамды ауылдық округы әкіматының қоғамдық мүшесі) | **Жауап:** Аталмыш жұмыстар жүргізілгеннен кейін бүкіл пайда болған қалдықтар арнайы келісім-шарт аясында мамандандырылған мекемелерге өңдеуге немесе жоюға тапсырылады.<br>(«Projects World ECO Group» ЖШС жобаны әзірлеуші экологы Абилаев Бауыржан Жолдасбаевич) | **Ескертпе алынды** |
| 7. | **Сұрақ:** Мына жоба бойынша шаңның көлемін айтып кеттіңіз, енді сондай шаңның үстінде Бершүгір ауылында щебень заводтарының үстінен айқай болып жатыр. Сондай шаңдарыңыз біздің ауылға келмей ме?<br>(Махамбетов Марат – Тамды ауылдық округы әкіматының қоғамдық мүшесі) | **Жауап:** Диабаз тастарын өңдеу кезінде ауаға шығарылатын шаңның көлемі, тереңдігі 10 метр болатын ұңғыманы қазған кезде шығатын шаңнан әлдеқайда жоғары болады, және аталып отырған жұмыстардан шығатын шаң санитарлық қорғау аумағынан аспайды. Аталмыш жұмыстар ауылдан 16 км шығысқа қарай жерден басталады, ал санитарлық қорғау аумағы 1 км ден жоғары болады. Міне осы себептен ауылға әсер ету фактісі өте төмен деңгейде. («Projects World ECO Group» ЖШС жобаны әзірлеуші экологы Абилаев Бауыржан Жолдасбаевич) | **Ескертпе алынды** |
| 8. | **Сұрақ:** негізі бұл жұмыстар қай уақыттарға арналған?<br>(Усербаев Рустам «Ақтөбе облысы Алға ауданы Тамды ауылдық округі әкімнің аппараты» бас маманы) | **Жауап:** Лицензия бойынша 6 жыл 2020-2026 жж. Геологиялық барлау жұмыстары 2023-2024 жылдарға арналған, ал зертханалық талдаулар 2025-2026 жылдары.<br>(Кабылов М.У. «KAZ Chemicals (КАЗ Кемикалс)» ЖШС өкілі) | **Ескертпе алынды** |
| 9. | **Ескерме:** Одан кейін Рустам сіз де | **Жауап:** Ескерілді, хаттамаға міндетті түрде енгізіледі. | **Ескерме** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бақылауыңызға алсаңыз, мына мекеменің техникалары ауылдың ішімен жүрмесін, ауылды айналып жүрсін (Махамбетов Марат – Тамды ауылдық округы әкіматының қоғамдық мүшесі) | («Projects World ECO Group» ЖШС жобаны әзірлеуші экологы Абилаев Бауыржан Жолдасбаевич) | ескерілд |

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың қаралып отырған құжаттар мен тыңдалған баяндамалардың толықтығы мен түсіну үшін жеңілдігі тұрғысынан алғандағы Сапасы жөніндегі пікірі, оларды жақсарту бойынша ұсынымдары: **Ұсынымдар мен пікірлер - жоқ.**

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына сот тәртібімен шағым жасауға болады.

**17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:**

Усербаев Рустам Галиевич, Тамды а/о әкімі аппаратының бас маманы

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні) **21.12.2022ж.**

**18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:**

Абилаев Бауыржан Жолдасбаевич

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)**

исходящий номер: 22160215001, Дата: 28/10/2022

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории: (с)

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: Экологическая документация (Проект НДВ; Проект ПУО; Проект ПМ; Проект ПЭК) к проекту "План разведки твердых полезных ископаемых площади Богдановской группы фосфоритовых месторождений по Лицензии №638-EL в Актюбинской области"

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Актюбинская область, Алгинский район, Тамдинский с.о., с.Тамды, Здание ГУ "АППАРАТ АКИМА ТАМДИНСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА АЛГИНСКОГО РАЙОНА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ", ул Ә. МОЛДАҒҰЛОВА, 29 Д, 21/12/2022 11:00

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (16 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
Областная газета «Актюбинский вестник»; Радио "Тандем"

*(наменование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

Доска объявления в здании ГУ "АППАРАТ АКИМА ТАМДИНСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА АЛГИНСКОГО РАЙОНА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ", ул Ә. МОЛДАҒҰЛОВА, 29 Д

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений)*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "KAZ CHEMICALS (КАЗ КЕМИКАЛС)" (БИН: 181140036051), 87023923707, M.KABYLOV@KAZCHEMICALS.COM,

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

Приложение 3.2.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний**

исходящий номер: 22160215001, Дата: 02/11/2022

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №22160215001, от 28/10/2022 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Экологическая документация (Проект НДВ; Проект ПУО; Проект ПМ; Проект ПЭК) к проекту "План разведки твердых полезных ископаемых площади Богдановской группы фосфоритовых месторождений по Лицензии №638-EL в Актюбинской области", в предлагаемую Вами 21/12/2022 11:00, Актюбинская область, Алгинский район, Тамдинский с.о., с.Тамды, Здание ГУ "АППАРАТ АКИМА ТАМДИНСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА АЛГИНСКОГО РАЙОНА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ", ул Ә. МОЛДАҒҰЛОВА, 29 Д(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

*(к причинам несогласования относятся: несоответствие места предлагаемых общественных слушаний и перечня административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности, и на территории которых будут проведены общественные слушания; неудобные для населения дата, время и место проведения общественных слушаний).*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«В соответствии с требованиями Экологического кодекса Республики Казахстан и Правил проведения общественных слушаний будет обеспечено в том числе: председательствование общественных слушаний, регистрация участников общественных слушаний, видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний для приобщения (публикации) к протоколу общественных слушаний.»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "KAZ CHEMICALS (КАЗ КЕМИКАЛС)" (БИН: 181140036051), 87023923707, M.KABYLOV@KAZCHEMICALS.COM,

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

«KAZ Chemicals (КАЗ Кемикалс)» ЖШС
Ақтөбе облысында «Богдановское» фосфоритті кен орындар тобының аумағында №638-EL Лицензиясы бойынша қатты пайдалы қазбаларды іздеу жоспарына дайындалған Экологиялық жобалар
(Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, ШРШ жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары)

## Қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу парағы

от 21.12.2022 ж.

| № п/п | Толық аты-жөні | ЖСН | Мекеме атауы/Лауазымы/Жұмыс орыны | Тұрғылықты мекен-жайы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Кабылов Мирбол Ултаганевич | 890516350838 | ТОО „KAZ Chemicals' Жетекші геолог | Астана |
| 2 | Кенжебаев Ержан Нурланович | 900411350257 | ТОО "ДАРТ Групп" | Актобе |
| 3 | Тилумбетов Талгат Эдильбаевич | 900815 302352 | ТОО „ДАРТ Групп" | Актобе |
| 4 | Жумабеков Нуркенат Калиевич | 930905351315 | ТОО „KAZ Chemicals" | Астана |
| 5 | Умирзакова Гульсара Баткуловна | 670609400550 | „Талды ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ-сі | Талды |
| 6 | Калдыбаева Зауреш Кайруловна | 640627400464 | Талды ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ-сі | Талды |
| 7 | Мехамбетов Марат Нурушевич | 650114301042 | Талды ауылдық әкімдігінің қаржылық жүмсі | [signature] |
| 8 | Тлеева Б | 870545962 | ауыл тұрғыны | Тлеева |
| 9 | Турсынбаи | 630725401126 | ауыл тұрғыны | Тур- |
| 10 | Мамыкова Нина | 71.02.17 401578 | ауыл тұрғыны | Мам- |
| 11 | Тулуова Жанар | 910126402098 | ауыл тұрғыны | [signature] |
| 12 | Нурбулатов Т. Т. | 060562 300800 | ауыл тұрғыны | [signature] |
| 13 | Токан А. Ж | 790213301762 | Кереева 1. | [signature] |
| 14 | Усербаев Р | 850804302486 | Талды ауылы | [signature] |
| 15 | Абилаев Б.Н. | 880805301948 | ТОО „Projects World ECO Group" | г. Актобе, мкн Каргалы 18/99 |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

Мұхтар Әуезов-125

# АБАЙ ЖӘНЕ ӘУЕЗОВ

**Көрнекті жазушы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдық мерейтойы аясында** Ақтөбе гуманитарлық колледжінде «Абай — менің өмірлік тақырыбым» атты оқырман конференциясы өтті.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушылары Л.Балғазиева, А.Қалиева, Н.Амановалардың ұйымдастыруымен өткізілген шараның мақсаты — қаламгер мен бүгінгі ұрпақ арасындағы әдеби-рухани байланысты нығайту, жастарды «Абай жолы» роман-эпопеясының мазмұнымен таныстыру.

Шараның кіріспе сөзі жазушының қазақтың бас ақыны Абай туралы айтқан аудиотаспасымен ашылды. Артынша оқушылар роман-эпопея бойынша берілген сұрақтарға жауап берді. Өзара әйгілі шығарманы талдады. Сонымен қатар «Абай мектебі» тақырыбында театрландырылған қойылым ұсынылып, жастар Абай мен оның шәкірттерінің бейнесін сомдады. Өлеңдерін оқып, «Көзімнің қарасы» әнін орындады.

Соңында ұйымдастырушылар өздерінің пікірін айтып, қатысушыларға ризашылығын білдірді.

**Л.БАЛҒАЗИЕВА,**
**оқытушы.**
**Ақтөбе қаласы.**

Рухани қазына

# ЕРЕКШЕ КІТАПТАР ӘЛЕМІ

**Облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы «Ерекше кітаптар әлемі» жобасы аясында «Кеңістікте бағдарлау» атты республикалық тактильді кітаптар байқауының салтанатты марапаттау кешін ұйымдастырды.**



Байқауға еліміздің әр өңірінен келген қонақтар, БАҚ және зиялы қауым өкілдері қатысты. Түркістан, Қарағанды, Павлодар, Жамбыл, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарынан келіп түскен отызға жуық жұмысқа әділ баға беріліп, жеңімпаздар анықталды.

Нәтижесінде бас жүлде Мұғалжар ауданынан келген Айгүл Исмағанбетоваға бұйырды. 1-орынды Шымкент қаласынан келген Дана Сүлейманова иеленді.

Барлық жеңімпаздар мен қатысушылар дипломмен, Алғыс хатпен марапатталды. Шара барысында Ақтөбе қалалық қазақ зағиптар қоғамы мәдениет үйінің директоры Манас Көшербаев, кітапхана ардагері Гүлстан Хамзина мерекемен құттықтап, ізгі тілектерін арнады.

**Рысжан ҚАРАҒҰЛОВА,**
**Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасының қызметкері.**

Өрт қауіпсіздігі



# ПЕШ ЖАҚҚАНДА ЕСКЕРІҢІЗ...

**Облыстық Төтенше жағдайлар департаменті облыс тұрғындарынан өрттің алдын алу үшін өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға шақырады.**

Күн суытқанда үйдегі жылыту пешін барынша қыздырып жататынымыз белгілі. Пешті пайдаланғанда қауіпсіздік ережелерін сақтамау — тек өртке ғана емес, кейде өлімге де әкелуі мүмкін.

Газ колонкалары мен пешті қолданғанда көміртегі тотығының түсі мен иісі болмайды. Газбен уланған адамның, ең алдымен, басы ауырып, тұншығады. Егер ауадағы газ концентрациясы 1,2 пайыздан асса, адам бірнеше секундта өліп кетеді.

Осы орайда көміртегі тотығымен уланып қалмас үшін бірқатар ережелерді есте сақтаған жөн. Қатты аяз кезінде пешті күніне екі-үш рет бір жарым сағаттан артық жақпау керек. Бұл пештің жарылып кетуіне жол бермейді. Түтін мұржасын да уақытылы тазалап тұрған артық етпейді. Жанып тұрған көмірдің шоғы еденге кездейсоқ құлап соңы өртке әкеліп соқтырмас үшін от жағу алдында еденге кемі 50*70 см металлды шегелеп қою керек. Көмірлер толығымен жанбайынша пеш қақпағын жабуға болмайды. Пеш жағу кезінде жанғыш сұйықтықтарды да пайдалануға болмайды. Балаларды пешке жақындатпаңыз.

Егер газбен улану белгілері болса, құтқару қызметінің телефоны «101», «112» хабарласыңыз.

**Облыстық Төтенше жағдайлар департаменті.**

# ТҰРҒЫНДАРҒА ТАЛАПТАРДЫ ТҮСІНДІРДІ

**2022 жылдың қыркүйегінен бастап, Ақтөбе қалалық төтенше жағдайлар басқармасының қызметкерлері өрт қауіпсіздігі қағидаларының негізгі талаптарын түсіндіру бойынша рейдтік іс-шараларды бастады.**

Төтенше жағдайлар басқармасының қызметкерлері үйлерді аралап, әрбір тұрғынға жылыту кезеңіндегі өрт қауіпсіздігінің негізгі ережелері туралы егжей-тегжейлі түсіндіріп жүр.

Жеке тұрғын үй секторларында тұрып жатқандар жылыту элементтерін пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. Қатты отынды қазандықтар мен пештерді тұтату кезінде жапқышты уақытынан бұрын жабуға болмайды. Қазір көптеген үйлерде жапсарлас салынған гараж бар. Бұл түтіннің шамадан тыс бөлінуіне және бөлменің тұрғын бөлігіне енуіне әкелуі мүмкін.

Тұншықтырғыш газ датчиктерін орнату кезінде бірінші кезекте өндірушінің нұсқаулығымен орындау қажет.

Түтін датчигіне қарағанда тұншықтырғыш газ датчигі еденнен шамамен 0,5-1,5 метр биіктікте үй-жайдың қабырғасына бекітіледі. Тұншықтырғыш газ датчигі ауадағы тұншықтырғыш газ концентрациясы адам денсаулығына қауіпті деңгейге жақындаған кезде ғана сигнал береді.

Оның бір датчигі бір үйде пайдалануға арналған.

Жылу беру кезеңінде тұрғындар газ пештерін, электр құрылғыларын көп қолданады. Басқарма қызметкерлері жылыту маусымы кезінде өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқамалар өткізіп, төтенше жағдай кезінде әрекет ету ережелері көрсетілген жаднамалар таратты.

**Ақтөбе қалалық төтенше жағдайлар бөлімі.**


## «Kaz Chemicals (КАЗ Кемикалс)» ЖШС

**ҚР экологиялық Кодексінің 96-бабына сәйкес 2022 жылдың 22 желтоқсан сағат 14.00-де Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Аққемер селолық округі, Әйтеке Би Байбекұлы көшесі, 55 «Мұғалжар ауданы Аққемер ауылдық округі әкімнің аппараты» мемлекеттік мекемесі ғимаратында «Богдановское фосфоритті кен-орындары тобында қатты пайдалы қазбалар (қатты минералдар) іздеу геологиялық жобасына» әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» (экологиялық) жобалары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.**

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru сілтеме/сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ expert_OOS@mail.ru электронды поштасында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Белсенді сілтеме: конференция идентифиаторы: 253 810 1026; кіру коды: 0ShUiN.

***Қосымша ақпаратты Ақтөбе қаласы, Тургенев көшесі, 78 «А», 1-кабинет мекенжайы немесе 8 702 392 3707 байланыс телефоны бойынша алуға болады.***

## «Kaz Chemicals (КАЗ Кемикалс)» ЖШС

**ҚР экологиялық Кодексінің 96-бабына сәйкес 2022 жылдың 21 желтоқсан сағат 11.00-де. Ақтөбе облысы Алға ауданы Тамды селолық округі, Ә. Молдағұлова көшесі, 29-үй «Ақтөбе облысы Алға ауданы Тамды ауылдық округі әкімнің аппараты» мемлекеттік мекемесі ғимаратында «Богдановское фосфоритті кен-орындары тобында қатты пайдалы қазбалар (қатты минералдар) іздеу геологиялық жобасына әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» (экологиялық) жобалары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.**

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru сілтеме/сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ expert_OOS@mail.ru электронды поштасында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Белсенді сілтеме: конференция идентифиаторы: 253 810 1026; кіру коды: 0ShUiN.

**Қосымша ақпаратты Ақтөбе қаласы, Тургенев көшесі, 78 «А», 1-кабинет мекенжайы немесе 8 702 392 3707 байланыс телефоны бойынша алуға болады.**

## «KOPA GOLD Limited» ЖК

